

## Қарағанды облысының кейбір білім беру және мәдениет ұйымдарының атауы және қайта аталуы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 61 қаулысы

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 4-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайларға, порттарға, теміржол вокзалдарына, теміржол стансаларына, метрополитен стансаларына, автовокзалдарға, автостансаларға, физикалық-географиялық және мемлекет меншігіндегі басқа да объектілерге атау беру, сондай-ақ оларды қайта атау, олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту және мемлекеттік заңды тұлғаларға, мемлекет қатысатын заңды тұлғаларға жеке адамдардың есімін беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 5 наурыздағы № 281 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ**

**Е Т Е Д І :**

1. Мынадай білім беру және мәдениет ұйымдарына:

1) «Қарқаралы қаласының № 2 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне  
Әлімхан Ермековтің есімі;

2) «Қарқаралы қаласының № 44 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне  
Мәди Бәпиұлының есімі;

3) «Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ ауылының № 43 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне  
Қажыкен Смайыловтың есімі;

4) «Қарқаралы ауылшаруашылық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына  
Мыңжасар Әдекеновтің есімі;

5) Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Жезді кентіндегі тау-кен және балқыту ісі тарихы мұражайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына  
Мәкен Төрегелдиннің есімі;

6) «Шахтинск қаласы әкімдігінің № 16 лицей-мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне  
Әлихан Бөкейхановтың есімі;

7) Шахтинск қаласы әкімдігі Шахтинск қаласы білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Көркемсурет мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына  
Әубәкір Ысмайыловтың есімі берілсін.

2. Мынадай білім беру және мәдениет ұйымдары:

1) «Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Путь Ленина» орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Байтуған орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып;

2) «Қарағанды облысы Нұра ауданы әкімдігінің білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Киров орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Абдолла Асылбеков атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып;

3) Шет ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Қайрақты жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Хасен Сәрінжіпұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып;

4) Шет ауданының білім, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «М.Горький атындағы эксперименталдық мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Жамбыл Ақылбаев атындағы эксперименталдық мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып;

5) Ұлытау ауданының әкімдігі «№ 10 Борсеңгір орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Мінәжат Мыңқаев атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып;

6) Жаңаарқа ауданы әкімдігінің Жаңаарқа ауданының білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімінің «Н.К.Крупская атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Биенде Амалбеков атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып;

7) Шет ауданының әкімдігі Шет ауданы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Ақадыр мәдени-сауық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны «Шабал Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта аталсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
*Премьер-Министрі                      К.Мәсімов*